

Жер қойнауын пайдалану құқығына арналған 1997 жылғы 18 қарашадағы ГКИ N 1016 лицензияға (мұнай) өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 мамыр N 521

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 18 қарашадағы ГКИ N 1016 лицензиясына (мұнай) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бет парағында және 1.1-тармағында:

"БП ҚАЗАҚСТАН ЛИМИТЕД" және "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с." деген сөздер алынып тасталсын;

"БГ ЭКСПЛОРЕЙШН ЭНД ПРОДАКШН ЛИМИТЕД" деген сөздер "БГ ИНТЕРНЭШНЛ ЛИМИТЕД" деген сөздермен ауыстырылсын;

"МОБИЛ ОЙЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК" деген сөздер "ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ТОТАЛЬ ЭКСПЛОРЕЙШН ПРОДАКШН ҚАЗАҚСТАН" деген сөздер "ТОТАЛЬФИНАЭЛЬФ ЭжәнеП ҚАЗАҚСТАН" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚАЗАҚСТАНКАСПИЙШЕЛЬФ" АҚ" деген сөздер "ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ ЛТД" және "ФИЛИПС ПЕТРОЛЕУМ ҚАЗАҚСТАН, ЛТД" деген сөздермен ауыстырылсын;

1.3 - тармағында:

"БП ҚАЗАҚСТАН ЛИМИТЕД - Англия заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" және "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с. - Норвегия заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздер алынып тасталсын;

"БГ ЭКСПЛОРЕЙШН ЭНД ПРОДАКШН ЛИМИТЕД - Англия заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздер "БГ ИНТЕРНЭШНЛ ЛИМИТЕД - Англия және Уэльс заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"МОБИЛ ОЙЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК - Америка Құрама Штаттары Делавэр штатының заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздер "ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК - Багам Аралдары Ынтымақтастығының заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ТОТАЛЬ ЭКСПЛОРЕЙШН ПРОДАКШН ҚАЗАҚСТАН" деген сөздер "ТОТАЛЬФИНАЭЛЬФ ЭжәнеП ҚАЗАҚСТАН" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚАЗАҚСТАНКАСПИЙШЕЛЬФ" АҚ - Қазақстан Республикасы заңнамасына

сәйкес құрылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздер "ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ ЛТД - Жапония заңдары бойынша ұйымдастырылған және іс-қимыл жасайды" және ФИЛИПС ПЕТРОЛЕУМ ҚАЗАҚСТАН, ЛТД - Либерия заңдары бойынша құрылған және іс-қимыл жасайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 . 4 - т а р м а ғ ы н д а :

"БП ҚАЗАҚСТАН ЛИМИТЕД - 1984 жылғы 6 тамыз (бұрынғы атауымен)" және "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с. - 1996 жылғы 20 қараша" деген сөздер алынып тасталсын ;

"БГ ЭКСПЛОРЕЙШН ЭНД ПРОДАКШН ЛИМИТЕД - 1967 жылғы 30 наурыз (бұрынғы атауымен)" деген сөздер "БГ ИНТЕРНЭШНЛ ЛИМИТЕД - 1967 жылғы 30 наурыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"МОБИЛ ОЙЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК - 1991 жылғы 20 қараша (Делавэр штатында тіркеу N 2279538; тіркеуі Кент графтығында, Z іс, 137-том, 275-бет)" деген сөздер "ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК - 1991 жылғы 20 қараша, қайта тіркелген күні 2001 жылғы 5 тамыз, Делавэр штаты, АҚШ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ТОТАЛЬ ЭКСПЛОРЕЙШН ПРОДАКШН ҚАЗАҚСТАН - 1992 жылғы 9 қараша" деген сөздер "ТОТАЛЬФИНАЭЛЬФ ЭжәнеП ҚАЗАҚСТАН - 1992 жылғы 9 қараша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҚАЗАҚСТАНКАСПИЙШЕЛЬФ" АҚ - 1993 жылғы 9 сәуір (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 ақпандағы N 97 P930097_ қаулысына сәйкес). 1995 жылғы 7 қарашада "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде "Қазақстанкаспийшельф" ашық акционерлік қоғамы болып заңды тұлға ретінде қайта тіркелген (Куәлік сериясы А N 012000, тіркеу N 296-19-10)" деген сөздер "ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ ЛТД - 1998 жылғы 6 тамыз" және "ФИЛИПС ПЕТРОЛЕУМ ҚАЗАҚСТАН, ЛТД - 1998 жылғы 16 ақпан" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 . 5 - т а р м а ғ ы н д а :

"БП ҚАЗАҚСТАН ЛИМИТЕД Др. Дэвид С. Аллен, Джон Г. Бартлетт, Джеральд Дж.Лэвинг, Дэвид С. Рирден және Адриенн С. Таленц, директорлар" және "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с. - Бионорн Морденсен, бас менеджер" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"БГ ЭКСПЛОРЕЙШН ЭНД ПРОДАКШН ЛИМИТЕД Ф. Дж. Чепмен, басқарма төрағасы" деген сөздер "БГ ИНТЕРНЭШНЛ ЛИМИТЕД Ф. Дж. Чепмен, басқарма төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"МОБИЛ ОЙЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК Карл Л. Бурнет, президент" деген сөздер "ЭКСОНМОБИЛ ҚАЗАҚСТАН ИНК Дж. А. Джонсон, президент" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"ТОТАЛЬ ЭКСПЛОРЕЙШН ПРОДАКШН ҚАЗАҚСТАН Азиз Аит-Саид, басқарма төрағасы және бас басқарушы" деген сөздер "ТОТАЛЬФИНАЭЛЬФ ЭжәнеП

ҚАЗАҚСТАН Менно Брувел, президент" деген сөздермен ауыстырылсын;
"ҚАЗАҚСТАНКАСПИЙШЕЛЬФ" АҚ Кенжебек Ниязұлы Ибрашев, президент."
деген

сөздер "ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ ЛТД Кунихико Матсуо, президент" және
"ФИЛИПС ПЕТРОЛЕУМ ҚАЗАҚСТАН, ЛТД П.Д. Байрингтон, президент" деген
сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.